

"Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 292 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 323 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 191 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 08.02.2016 № 191 Жарлығымен.

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 292 Жарлығына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізсін, сондай-ақ осы Жарлықтан туындайтын өзге де ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н . » ;

осы Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы т у р а л ы е р е ж е д е :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Комиссия төрағасы б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясының құрамында: м ы н а :

«Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, төраға» деген ж о л м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға
Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің
х а т ш ы с ы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы»;
осы Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы құқық қорғау
органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі
і с - ш а р а л а р ж о с п а р ы н д а :
реттік нөмірі 52 жолда «А.Е.Мусин» деген сөздер «К.Қ.Мәсімов» деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев